

№ 1 Майқайың жалпы орта білім беру мекемесінің жанынан құрылған
Қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ

16.02.2020 ж

Қатысқандар: 8

Қатыспаған -1

1. Искакова Б.Д.- төрайымы
2. Жиренова А.О.- орынбасары
3. Тумайкенов Н.- мүшесі
4. Тиыштуғанова С.- мүшесі
5. Какимова А.С.- мүшесі
6. Кенжебекова Г.К.- мүшесі
7. Сағадаиев Р.Қ.-мүшесі
8. Алимова А.Қ.-мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ

1. Мектептің әлеуметтік педагогының 2019-20 оқу жылында І жж атқарған жұмыстарының есебі.

2. Құқық бұзушылықтың алдын алу

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Жиналысты қамқоршылық кеңес төрағасы Искакова Б.Д. ашып, жиналысқа қатысушыларды күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелермен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша мектептің әлеуметті педагогы Ж.З.Исабаев сөз алды: Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстардың алдын алу мақсатында түнгі рейдтер жүргізілген болатын, барысында түнгі 23.00-ден кейін жасөспірімдердің заңды өкілдерінсіз үй-жайдан тыс жерде жүрген оқушылар анықталған жоқ.

Қадағалаусыз және панасыз қалған жасөспірімдерді анықтау мақсатында білім беру бөлімінің қорғаншылық және аудан әкімиятының жанындағы комиссия мүшелерімен бірге жүргізілген рейдтік іс-шаралар барысында ата-анасының қадағалауынсыз және панасыз қалған, кәмелетке толмаған жасөспірімдер анықталмады.

Қазақстан Республикасы «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңының 1-бабы 5-тармағында көрсетілген құқық бұзушылық профилактикасы субъектілері, яғни аудандық прокуратура, білім бөлімі және кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия мүшелерімен бірге жүргізілген күндізгі рейд пен түнгі рейдтер жүргізу барысында мектеп сабақ өту кестесіне сай сабақта отыратын кездерінде дәлелсіз себептермен сабақтан кетіп қалған оқушылар анықталған жоқ. Ағымдағы жылдың екі айында криминалды полиция бөлімшесінің қызметкерлерімен бірге жүргізілген профилактикалық іс-шараларды жүргізу барысында, аудан аумағындағы білім беру мекемелерінде оқитын оқушылар арасында бопсалау деректері анықталған жоқ. Құқыққа қарсы бағытта кәмелетке толмағандардың топтары және жасөспірімдерге криминогендік ықпалы бар ересек тұлғалар анықталған жоқ. Сонымен қатар, ювеналдық

полиция тобының қызметкерлері, мектеп қызметкерлері мен және білім бөлімінің психологымен бірге мектептерде бопсалау деректері бар-жоғын анықтау мақсатында 8-9-10 және 11 сынып оқушылары арасында жасырын түрде сауалнамалар өткізілді. Сауалнама өткізу барысында бопсалау деректері анықталған жоқ.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНАДЫ:



Мектеп әлеуметтік педагогы Исабаев Ж.З. есебі назарға алынып, алдағы уақытта атқарылған жұмыстары күшейтілсін.

Екінші мәселе бойынша сөз алды: ТІМ Қасымханова Р.М. сөз алып, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналармен жиі жиналыс өткізіп тығыз байланыста екенін, және де ата-аналарға қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстермен таныстырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізілуде. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сынып жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (заңды өкілсіз) шықпауын, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі 442-1, 442-2 баптарында көрсетілген талаптарды орындап, түнгі сағат 22.00-ден таңғы 6.00-дейін ойын сауық орындарына бармауын, үйден тыс жерде жалғыз жүрмеуін қадағалауды, жалпы балаларды күнделікті қадағалау керектігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНАДЫ:

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытындағы іс-шараларын жүргізе отырып, ата-аналар, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер тарапынан жасөспірімдер арасында құқық бұзушылыққа жол бермеу, бақылауды күшейту.

Қамқоршылық кеңес төрайымы
Хашы:

Искакова Б.Д.
Алимова А.К.